

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ЖАЛҒАН КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМА

Утенова А.А.

*В данной статье рассматривается уголовно - правовая характеристика лжепредпринимательства, которая часто встречается в сфере экономической деятельности.*

*This article discusses the criminal - legal description false business, which often occurs in the sphere of economic activity.*

1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық дауыс беру нәтижесінде қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 26 бабына сәйкес әркімнің кәсіпкерлік қызметпен еркін айналысуға және өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Сонымен қатар, аталған бапта бекітілген тәртіп бойынша монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады [1, 9 б.].

Аталып көрсетілген конституциялық ережелер Қазақстан экономикасын құқықтық реттеудің нормативтік базасы болып табылады. Экономиканы нарықтық қатынастар аясына көшіруге байланысты жүзеге асырылған зор көлемді өзгерістер өз кезегінде, мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғауға бағытталған қылмыстық құқықтық нормалардың да үлкен өзгерістерге ұшырауына себепші болды.

Бұл қылмыстарды көп реттерде бланкеттік сипаттарға ие болатын нормаларда сипаттап жазудың күрделілігі оларды экономика өрісінде қолдануды айтарлықтай қиындатады сонымен қатар, құқық нормаларының кейбір ережелерін әрқилы түсіну және қылмыстық заңды қолдануды жүзеге асыратын құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тәжірибесінің жетіспеушілігі аталған мәселе төңірегінде белгілі бір күрделіліктерге тап қылып отыр.

Жалпы түсінігінде экономикалық қылмыстар дегеніміз – бұл экономикалық қызмет өрісінде жасалатын іс-әрекеттер болып табылады. Экономика – шаруашылықты жүргізу өнері. Қазақ КСР 1959 жылғы

Қылмыстық кодесіндегі тараулардың біреуінің ұзақ жылдар бойы «Шаруашылық қылмыстары» деген атауға ие болуы кездейсоқ емес.

ҚР 1997 жылы қабылданып, 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізілген жаңа Қылмыстық кодексінде экономика саласындағы барлық қылмыстар Ерекше бөлімнің 7 тарауына «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар» деген атаумен топтастырылып отыр. Берліген тарау Қазақ КСР 1959 жылғы Қылмыстық кодексінің «Шаруашылық қылмыстары» деген атауға ие болған 6 тарауымен салыстырғанда айтарлықтай өзгешеліктерге ие. Бұрынғы қылмыстық заңнамамен салыстырғанда ҚР Қылмыстық кодексінде бірқатар әрекеттер атап айтқанда, шаруашылықтағы ұқыпсыздық (ҚазҚСР ҚК 150 бабы); жоспардың орындалу туралы есептерді өсіріп жазу және басқа да бұрмалау (ҚазҚСР ҚК 151-1 бабы); машиналады бөлшектеу (ҚазҚСР ҚК 155 бабы); өз бетінше шөп шабу (ҚазҚСР ҚК 157 бабы); суды өз бетінше иемдену (ҚазҚСР ҚК 155 бабы); сауда ережелерін бұзу (ҚазҚСР ҚК 166-2 бабы); бензинді немесе басқа да жанар-жағар майларды заңсыз беру (ҚазҚСР ҚК 166-3 бабы); шеткі деңгейден асып түсетін бағалар мен тарифтер бойынша тауарлар сату және қызметтер көрсету (ҚазҚСР ҚК 168 бабы).

ҚР ҚК Ерекше бөлімінің 7 тарауына заңшығарушы 24 жаңа қылмыстық құқықтық норманы кірістірген оларға ҚК 189, 191, 193, 197-205, 207-208, 210-216, 218, 225-226 баптары жатады. Олардың кейбіреулерінде бұрынға қылмыстық заңнамада ішін-ара қарастырылған нормалар енгізілген. Мәселен, 193-бапта қарастырылған заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе өзге мүлікті заңдастыру қылмысының құрамы өзінің кейбір жеке белгілері бойынша Қаз.КСР ҚК 165-5 бабында қарастырылған қылмыстық жолмен алынған ақша құралдарын немесе өзге мүліктерді кәсіпкерлік немесе заңмен тыйым салынбаған басқа қызметтерге пайдалану құрамына жақын келеді.

Қаз.КСР Қылмыстық кодексінің 64 бабы бойынша қылмыстық жауаптылық қарастырылған контрабанда Қазақстан Республикасының қазіргі әрекет ететін Қылмыстық кодексінде екі құрамға бөлініп берліген: экономикалық контрабанда (ҚР ҚК 209 бабы) және ҚР ҚК 250 бабында қарастырылған айналыстан алынған немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы. Экономикалық контрабанда Ерекше бөлімнің «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар» деп аталатын 7 тарауынан орын алған болса, 250 бап тиісінше «Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар» деп аталатын 9 тарауға орналыстырылған.

ҚК Ерекше бөлімінің 7 тарауының маңыздылығы оның біздің еліміздің қарқынды экономикалық дамуын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастарды қорғауға бағытталған, экономикалық қызмет саласындағы

қылмыстар үшін жауаптылық туралы нормаларды кірістіретіндігінен көрініс табады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің қабылданғанына салыстырмалы түрде алғанда көп уақыт өте қоймағанымен Ерекше бөлімнің 7 тарауына қатысты бірнеше мәрте түзетулер мен толықтырулар жүзеге асырылғандығын айту керек. Аталған толықтырулар мен өзгертулерге ішінара тоқтала кетер болсақ, онда төмендегілерді атап көрсетуге болады.

1.«Қымбат бағалы металлдармен байланысты қатынастарды реттеу мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы» ҚР 1998 жылғы 9 шілдедегі №277-1 Заңы бойынша ҚР Қылмыстық кодексінен 210-212 баптар алынып тасталды.

2.«Этил спирті мен алкогольдік өнімдерді өндіру мен айналысын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңы бойынша ҚР ҚК 190 бабының 2 бөліміне «Заңсыз кәсіпкерлік» (ірі мөлшерде акцизделетін тауарларды өндіру, сақтау не өткізу) өзгеріс енгізілді сондай-ақ, ҚР ҚК 208 бабына «Акцизделетін тауарларды акциздік маркалармен және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалаудың тәртібі мен ережелерін бұзу, акциздік маркаларды және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларын қолдан жасау және пайдалану» 1 бөлімі жаңа редакциясында «айтарлықтай зиян келтіруге әкеп соққан акцизделетін тауарларды акциздік маркалармен және есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалаудың тәртібі мен ережесін бұзу» деп бекітілді.

3.«Қылмыстылықпен күрес мәселесі бойынша ҚР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2000 жылғы 5 мамырдағы заңы бойынша ҚР ҚК «Азаматтың салық төлеуден жалтаруы» 221 бабының 1 және 2 бөлімдері және «Ұйымдарға салынатын салықты төлеуден жалтару» 222 бабының 1 және 2 бөлімдерінің санкциялары күшейтілді.

4.«Ұйымдасқан қылмыстылық пен сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» ҚР 2001 жылғы 16 наурыздағы заңы бойынша жоғарыда аталған нормалардың (ҚР ҚК 221 және 222 баптарына) диспозицияларына тағы да өзгерістер енгізілді, сонымен бірге осы қылмыстарды жасағаны үшін қолданылатын жаза мөлшері ұлғайтылды. Көрсетілген қылмыстық құқықтық нормаларда заңшығарушы жауаптылықты пайда қылатын мән-жайлардың аясын кеңітті және ендігі жерде қылмыстық жауаптылық тек салықты төлемегені үшін емес, мемлекеттік бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді төлеуден жалтарғаны үшін туындайтын болды.

5.«Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі бойынша ҚР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2003 жылғы 25 қыркүйектегі заңы бойынша сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тізбесі ҚР ҚК 41 бабының ескертпесінде бекітілді Кейінен бұл ескертпе ҚР 2007 жылғы 21 шілдедегі №308-III Заңымен алып тасталды.

В.Д. Ларичев пен Н.С. Гильмутдинованың пікірлері бойынша экономикалық қызмет өрісіндегі қылмыстар ретінде мемлекеттің негізгі экономикалық жүйесіне қол сұғатын қоғамдық қауіпті іс-әрекеттерді түсіну қажет [2, 134 б.].

«Экономикалық қылмыстылық дегеніміз – шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында қатынастарда экономикалық, ұйымдастырушылық, өкімдік функцияларды жүзеге асыратын тұлғалармен жасалатын, республиканың экономикалық жүйесіне қол сұғатын қылмыстық заңмен қарастырылған, криминологиялық тұрғыдан алғанда біртекті болатын қоғамдық қауіпті іс-әрекеттер» - деп атап көрсетеді Г.Д. Тленчиева [3, 33 б.].

Экономикалық қызмет өрісіндегі қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі мынада - осындай қол сұғушылықтардың нәтижесінде мемлекеттің және басқа да субъектілердің экономикалық қызметпен байланысты мүдделеріне ғана зор шығын келмейді, сонымен бірге, біздің мемлекетіміздің экономикалық қауіпсіздігіне де үлкен қатер төнеді.

Экономикалық қызмет өрісіндегі қылмыстардың объектісі мәселесі бүгінгі таңда қылмыстық құқық теориясында ең аз зерттелген және күрделі де, даулы мәселе болып табылады. Ол құқықтанушы ғалымдардың назарын кеңсе заманында да, нарықтық экономикаға өткеннен кейін де аударып келді. Кезінде В.Я. Таций «Шаруашлық қылмыстарының проблемасы – қылмыстық құқық теориясындағы негізгілерді бірі» - деп атап көрсеткен болатын [4, 6 б.].

Қылмыстық заңнама өзінің нормаларымен қоғамдық қатынастарды қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғайды. Кез-келген қылмыс қоғамдық қатынастарға қол сұққандықтан қоғамға тұтастай қауіп төндіреді. Сонымен қатар қоғамдық қатынастар дегеніміз адамдар арасындағы қатынастар және адам аталған қатынастардың қатысушысы болып табылады. Сондықтан адамның жеке басына, меншікке, қоршаған ортаға қол сұға отырып қылмыскер осы құндылықтармен байланысты қоғамдық қатынастарға да қол сұғады. Қылмыстық құқықтың көптеген теоретиктерінің пікірінше қол сұққаны үшін ҚК-те Жауапкершілік қарастырылаған қоғамдық қатынастар қылмыстың объектісі болып табылады.

Басқаша айтқанда қылмыскер неге қол сұқса, не нәрсе қылмыстық заңмен қорғалса неге залал келсе немесе залал келуі мүмкін болса қылмыс

объектісі дегеніміз сол болады. А.Н. Трайниннің айтуынша «Еш нәрсеге қол сұқпайтын қылмыстың табиғатта болуы мүмкін емес». Бұл аксиома – дәлелдеуді қажет етпейтін айқын шындық.

Қылмыстық-құқылық теорияда қылмыс объектісінің үш мүшелік жіктелуі қабылданған (жалпы, топтық, тікелей)

Объектілерді сыныптау мәселесінде Н.И. Коржанскийдің ұстанған позициясы назар аударарлық жай. Ол Б.С. Никифоров пен Е.А. Фороловтың объектілерді сыныптаудың үш мүшелік жүйесімен келіспей оны жарамсыз деп санайды және объектілерді сыныптаудағы өз үлгісін ұсынады.

Атап айтқанда Н.И. Коржанский жазған «қылмыс объектілерін вертикал бойынша сыныптау төрт сатыға ие болады: 1) жалпы объект (...құқық тәртібі – қоғамдық қатынастардың бүкіл жиынтығы); 2) топтық объект (қоғамдық өмірдің бір өрісін құрайтын біртектес қоғамдық қатынастардың жеке тобы – меншік, жеке адам); 3) түрлік объект (бір түрдегі қоғамдық қатынастар – өмір, жеке меншік); 4) тікелей объект (нақты қоғамдық қатынас – И.И. Ивановтың өмірі, Е.Е. Егоровтың жеке меншігі т.б.)» [5, 58 б].

Өткен ғасырдың 30-60 жылдары жүргізілген зерттеулерге қарамастан шараушылық қылмыстардың объектісі туралы бірегей түсінік қалыптасқан жоқ деп айтсақ жаңылыспаймыз. Кеңес дәуіріндегі шаруашылық қылмыстарының объектісіне қатысты барынша кең таралған көзқарастардың қатарына олар «социалистік шаруашылықтың дұрыс қызмет атқаруына қол сұғады» деп көрсеткен А.Н. Трайниннің пікірін, «социалистік шаруашылық барлық шаруашылық қылмыстарының тектік объектісі болып саналады» деп көрсеткен Б.М. Леонтьевтің пікірі айрықша атап көрсетуге болады [6, 69 б., 7, 11 б.].

«Социалистік шаруашылық жүйесінің өрісінде пайда болып, өмір сүретін социалистік қоғамдық қатынастар шаруашылық қылмыстарының тектік объектісі болып табылады» - деген Ю.И. Ляпуновтың пікірі кейінен М.А. Гельфермен де қуатталған болатын [8, 4 б., 9, 6 б.].

П.Т. Некипелов «шаруашылық қылмыстар кеңестік жалпы халықтық мемлекеттің шаруашылық ресурстары мен құралдарын коммунистік қоғам орнату мақсатында пайдалануы өрісіндегі қоғамдық қатынастарға қол сұғады» деген пікірді ұсынды [8, 5 б.].

А.Н. Делиевтің пікірінше экономикалық қылмыстардың тектік объектісіне «негізгі мазмұны шаруашылық жүргізудің социалистік жүйесінің қалыпты, мемлекеттің мүдделеріне сай қызмет атқаруы» жатады.

Топтық объектіні анықтау ҚК-тің Ерекше бөлімінің ішінен ұқсастықты табу қажеттілігін, теңдестіруді білдіреді. Кейбір құрамдарда топтық және тікелей объектілер ұқсастыққа ие болады. Мысалы ұрлықта олар меншік, бұзақылықта қоғамдық тәртіп болып табылады.

Қылмыс объектісінің маңызы мынада, оның көмегі арқылы басқа жағынан ұқсастығы бар іс-әрекеттерді ажырату мүмкін болады. Мысалы судьяны қорлау әділсот органдарының қалыпты қызметіне қол сұғу ретінде ҚК-тің 342 бабы арқылы жауаптылықты туындатса, ал өкімет өкілін қорлау басқару тәртібіне қол сұғу ретінде 320 бап бойынша жауапқа тартылады. Келтірілген мысалдан топтық объектіні анықтау барысында қылмыстан жәбірленуші тұлғаның кім болғаныныңда маңызға ие екендігін байқауға болады.

Қылмыстық қол сұғушылықтың топтық объектісін анықтауда қылмыс субъектісінің белгілері де аз рөл атқармайды. Мысалы, денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру ҚК-тің 104 бабы бойынша жауаптылыққа тартылады. Бұл жағдайда қылмыстың топтық объектісі болып жеке тұлға табылады. Бір әскери қызметшінің екіншісіне қатысты жасаған нақ сол әрекеттері ҚК-тің 370 бабы бойынша жауаптылықты туындатады, аталған жағдайда әскери қызметті өтеу тәртібіне қол сұғу орын алады. Ендеше өзара ұқсастығы бар көрсетілген қылмыс құрамдары топтық және тікелей объектілері бойынша айырмашылықтарға ие болады. ҚК-тің Ерекше бөлімінде осындай ұқсас құрамды қылмыстар аз емес.

Тікелей объектіге қатысты айтсақ оны анықтау ҚК-тің Ерекше бөлімінің тиісті тарауының ішіндегі қылмыстарды ажыратуға бағындырылып және қызмет атқарады.

Көп жағдайларда әлде қандай қылмыс құрамын сипаттау барысында объекті ретінде қоғамдық қатынастар емес, олардың материалдық көріністері немесе қоғамдық қатынастарға түсушілердің белгілі бір құндылықтары және солар әлде қандай қылмыс құрамының тікелей объектісі болып табылады. Қылмыстың тікелей объектісі қылмыстың нақты құрамын түсіну үшін, бұзылған қоғамдық қатынастардың мәнін, іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесін анықтау үшін маңызды мәніске ие болады.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың тікелей объектісін негізгі, қосымша және факультативтік қылып айырып, бөледі. Бұл өмірдің нақты талабынан туындайды: көптеген криминалды әрекеттер немесе әрекетсіздіктер бір уақытта бірнеше объектіге қол сұғады және олар белгілі бір шамада кейде органикалық түрде өзара байланысты. Мысалы бұзақылықта қоғамдық тәртіпке қол сұғу – негізгі объект, азаматтың

денсаулығы ар-намысы факультативті объект, қарақшылықтың барысында – меншік негізгі объект, жәбірленушінің денсаулығы – қосымша объект болып табылады. Бұл жағдайда негізгі тікелей объекті әрекетті ҚК-тің Ерекше бөлімінің тиісті бабымен саралау үшін бірінші кезекті және шешуші маңызға ие болады. Көрсетілген объектіні анықтау қылмыстық заңмен қорғалатын қатынастардан әлеуметтік – мемлекеттік маңыздылығына сай жүргізіледі, қандай қоғамдық қатынастарға залал келетіндігіне тәуелді болады және берілген қылмыстық әрекетпен қоғамдық қатынастардың қай түріне әрқашан залал келтіретіндігі есепке алынады.

Қол сұғушылықтың факультативтік объектісі жасалған іс-әрекетті саралауға ықпал етпейді бірақ оның қауіптілігін арттырады және осы қылмыс үшін жауапкершілікті қарастыратын ҚК-тің Ерекше бөлімінің бабының санкция-шегінде жаза тағайындау барысында сотпен міндетті түрде есепке алынады. Объектінің берілген түрі келтірілген залалдың орнын толтыру туралы мәселені қарағанда да ескеріледі.

Экономикалық (шаруашылық) қатынастарының ұғымы негізінен азаматтық құқық мамандарымен беріледі. «Шаруашылық қатынастары ретінде кәсіпкерлік, тауар нарығының қызмет атқаруы, биржалық, брокерлік және инвестициялық қызмет сияқты қызмет түрлерімен байланысты функционалдық экономикалық қатынастарды түсіну керек» - деп атап көрсетеді С.В. Тихомиров [9, 5 б.].

Экономикалық қылмыстардың объектісі – бұл өзара айтарлықтай ұқсастықтары, сондай-ақ, белгілі бір айырмашылықтары да бар болатын қылмыстық заңмен қорғауға алынған қоғамдық қатынастардың күрделі кешені – деп атап көрсетеді С.Ф. Мазур.

Жоғарыда сілтеме жасалынған авторлардың ғылыми зерттеулері негізінен алғанда ескі кеңестік кезеңнен қалған заңнамаға сүйене отырып жүргізілген. Қазіргі таңдағы отандық авторлардың зерттеулеріне талдау жасай отырып, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың объектісіне қатысты жаңа тұжырымдамаларды кездестіруге болады. «Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы» (Ерекше бөлім) оқулығының авторлары 1997 жылғы Қылмыстық кодекстік Ерекше бөлімінің 7 тарауына енгізілген қылмыстардың тектік объектісі ретінде материалдық және өзге де құндылықтарды және қызметтерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну аясында қалыптасатын қоғамдық қатынастарды атап көрсетеді [10, 248 б.].

Экономикалық қылмыстардың **тікелей объектісіне** экономикалық қызмет барысында қалыптасатын және осындай қызметтің нақты түрін реттейтін нақты қоғамдық қатынастар жатқызылады (мысалы, кәсіпкерлік қызметінің өрісі экономикалық қызмет субъектілерінің құқықтары мен

мүдделерін қорғайды – ҚК 189 бабы «Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау», немесе тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды – ҚР ҚК 223 бабы «Тұтынушыларды алдау» және т.с.с.).

Қоғамдық экономикалық қатынастың **заты** қылмыстың затымен әрдайым сәйкес келе бермейді. Егер олардың соңғысы қылмыс объектісінің міндетті белгісі ретінде орын алса, біріншісі өзінің нақты материалдық сипатына сай экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың барлығына бірдей тән бола бермейді. Мысалы ҚР ҚК-нің 193-195, 198, 199-200, 203-204, 206-209; 213-214, 218, 224 баптарында қылмыстың заты қарастырылатын болса, 189-192, 196, 201-202, 205, 215-217, 219-223, 226 баптарында қылмыстың заты қарастырылмаған.

Қол сұғушылықтың затын және оның белгілерін анықтаудың үлкен практикалық маңызы бар:

а) қол сұғушылықтың затында болған өзгерістер қылмыс оқиғасының болғандығын дәлелдейді, себебі кез келген қылмыстың нәтижесі әдетте қол сұғушылықтың затында болған өзгерістерден байқалады (мүліктің меншік иесінің иелігінен шығып кетуі, жәбірленушіге дене жарақатының келуі, лауазымды тұлғаның өзі жасауға тиісті іс-әрекеттерді жасамауы және т. б. )

б) қол сұғушылық затының сипаты қылмыстық іс-әрекеттерді қылмыстық емес әрекеттерден ажыратуға қызмет етеді (мысалы тапсырыс берушінің материалынан суық қару жасау тыйым салынған әрекет болса, ал ұстаның өз материалынан ауыл шаруашылығының саймандарын жасауы қылмыс болып саналмайды).

в) қол сұғушылық затына келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері көп жағдайларда іс-әрекетті саралауға ықпалын тигізеді (мысалы, келтірілген залалдың мөлшеріне байланысты заң талан-таражды елеулі, ірі, аса ірі мөлшерде деп бөледі соған байланысты олар әртүрлі сараланып жазалауға ұшырайды);

г) қол сұғушылық затының белгілеріндегі айырмашылықтар кейбір аралас құрамды қылмыстарды ажыратуға мүмкіндік береді, себебі әртүрлі заттар әртүрлі қоғамдық қатынастардың элементі ретінде көрініс береді. Мысалы, лауазымды тұлғаның мемлекеттік құпиялары бар құжаттарды жоғалтуы ҚК-тің 173 бабында қарастырылған қылмыс болып табылады ал мемлекеттік құпиялары жоқ заттар мен құжаттарды жоғалтуы тиісті жағдайларда 316 бапта қарастырылған салақтық болуы мүмкін.

**Тікелей объектісі** бойынша экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды шартты түрде мынандай түрлерге бөлуге болады:



1) кәсіпкерлік саладағы және экономикалық қызметтің басқа да саласындағы қылмыстар: заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау (ҚК-тің 189 бабы), заңсыз кәсіпкерлік (190-бап), заңсыз банктік қызмет (191-бап), жалған кәсіпкерлік (192-бап), заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе өзге мүлікті заңдастыру (193-бап), монополистік іс-әрекеттер және бәсекені шектеу (196-бап), көрінеу жалған жарнама беру (198-бап), тауарлық белгіні заңсыз пайдалану (199-бап), коммерциялық немесе банктік құпияны құрайтын мәліметтерді заңсыз алу мен жария ету (200-бап), кәсіптік спорт жарыстарының және ойын сауықтық коммерциялық конкурстардың қатысушылары мен ұйымдастырушыларын сатып лау (201-бап), банкроттық жағдайындағы заңсыз іс-әрекеттер (215-бап), әдейі банкроттық (217-бап), бухгалтерлік есеп ережелерін бұзу (218-бап), табиғат пайдалану жөніндегі заңсыз мәмілелерді тіркеу (225-бап), мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға мәжбүр ету (ҚК-тің 226 бабы);

2) ақша-несие саласындағы қылмыстар: несиені заңсыз алу және мақсатсыз пайдалану (ҚК-тің 194 бабы), несиелік берешекті өтеуден әдейі жалтару (195-бап), бағалы қағаздарды шығару (эмиссия) тәртібін бұзу (202-бап), бағалы қағаздарды ұстаушылар тізіміне көрінеу жалған мәліметтер енгізу (203-бап), бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялар туралы көрінеу жалған мәліметтер беру (204-бап), бағалы қағаздармен операциялар жүргізу ережелерін бұзу (205-бап), жалған төлем карточкалары мен өзге төлем және есеп айырысу құжаттарын жасау немесе сату (ҚК-тің 207 бабы);

3) қаржылық қызмет саласындағы қылмыстар: акциздік алғы маркаларын қолдан жасау және пайдалану (ҚК-тің 208 бабы), экономикалық контрабанда (209-бап), шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармау (213-бап), кеден төлемдері мен алымдарын төлеуден жалтару (214-бап), банк операциялары туралы көрінеу жалған мәліметтер беру (219-бап), банктің ақша қаражатын заңсыз пайдалану (220-бап), азаматтың салық төлеуден жалтаруы (221-бап), ұйымдарға салынатын салықты төлеуден жалтару (ҚК-тің 222 бабы);

4) сауда және халыққа қызмет көрсету саласындағы қылмыстар: көпшілік сауда-саттықтар мен аукциондарды еткізудің белгіленген тәртібін әдейі бұзу (ҚК-тің 197 бабы), тұтынушыларды алдау (223-бап), заңсыз сыйақы алу (ҚК-тің 224 бабы);

5) экономикалық қызмет саласындағы басқа да қылмыстар: компьютерлік ақпаратқа заңсыз кіру. ЭЕМ үшін зиянды бағдарламаларды жасау, пайдалану және тарату (ҚК-тің 227 бабы).

Біз қарастырып отырған қылмыстардың **объективтік жағы** экономикалық қызметтің белгіленген тәртібін бұзатын қоғамдық қауіпті іс-

әрекет болып табылады. Экономикалық қызметті жүргізудің тәртібі ҚР Азаматтық кодексімен реттеледі.

Қарастырылып отырған қылмыстардың объективтік жағы көп реттерде белсенді әрекет арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, заңсыз кәсіпкерлік (ҚР ҚК 190 бабы), заңсыз банктік қызмет (ҚР ҚК 191 бабы), жалған кәсіпкерлік (ҚР ҚК 192 бабы), несиені заңсыз алу және мақсатсыз пайдалану (ҚР ҚК 194 бабы), жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе сату (ҚР ҚК 206 бабы), экономикалық контрабанда (ҚР ҚК 209 бабы), тұтынушыларды алдау (ҚР ҚК 223 бабы), мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға мәжбүр ету (ҚР ҚК 226 бабы) және басқалары тек белсенді әрекет теу жолмен жасалатын қылмыстар болып табылады.

Әректсіздік арқылы: заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау (ҚР ҚК 189 бабы), несиелік берешекті өтеуден әдейі жалатару (ҚР ҚК 195 бабы), шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармау (ҚР ҚК 213 бабы), кеден төлемдері мен алымдарын төлеуден жалтару (ҚР ҚК 214 бабы), азаматтың салық төлеуден жалтаруы (ҚР ҚК 221 бабы), ұйымдарға салынатын салықты төлеуден жалтару (ҚР ҚК 222 бабы) және тағы басқарлары жасалады.

ҚК Ерекше бөлімінің 7 тарауында материалдық және формалдық құрамдар да кездеседі. Олардың кейбіреулері әрекетті жасаған сәттен аяқталған болып есептелініп оның барысында қоғамдық қауіпті салдардың орын алуының міндеттілігі қарастырылмайды. Мысалы 189, 193, 209 баптарда қарастырылған қылмыстар үшін әрекет фактісінің орын алуының өзі жеткілікті болып табылады.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың құрамын құрастыра отырып, заң шығарушы олардың салдарын сипаттап жазудың әртүрлі үлгілерін қолданады. Қоғамдық қауіпті салдардың орын алуы қарастырылған материалдық құрамды қылмыстарды төмендегі келтірілген кестеден айқын аңғаруға болады.

<b>Қоғамдық қауіпті салдар</b>	<b>ҚР ҚК баптарының номерлері</b>
Азаматтарға, ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтіру	ҚР ҚК 190-192, 196, 219-220 бб.
Үлкен залал келтіру	ҚР ҚК 189, 194, 197-199, 200 бап, 2 бөл., 203 бап. 2 бөл., 204-205, 215-218 бб.
Ірі мөлшер	ҚР ҚК 193 бап. 3 бөл., 195 бап, 206 бап. 2 бөл., 209, 213-214, 221-222, 224 бап. 2 бөл.

Едәуір залал	ҚР ҚК 208 бабы.
Айтарлықтай мөлшер	ҚР ҚК 190 бап. 1 бөл., 223 бабы.
Едәуір зиян	ҚР ҚК 226 бабы.
Өзге де ауыр зардаптар	ҚР ҚК 216 бабы, 227 бап. 4 бөлімі.

Экономикалық қызмет өрісіндегі қылмыстардың жекелеген құрамдары баптардың дипозициясында көрсетілген шарттардың орын алуының барысында ғана қылмыстық жауаптылықты пайда қылады.

Қылмыстық кодекстің тиісті тарауында қарастырылған қылмыстардың барлығы дерлік субъективтік жағынан кінәнің қасақаналық нысаны арқылы жасалады. Экономика саласындағы абайсыздықпен қол сұғу қылмыс ретінде бағаланбайды. Қылмыс құрамының құрлысы бойынша тікелей және жанама қасақаналық мүмкін болады. Н.А. Афанасьевтің пікірінше қарастырылып отырған қылмыстар тек тікелей қасақаналықпен жасалады [11, 390-451 бб.].

Формалдық және материалдық құрамдарда тікелей қасақаналықтың құрастырылуы әртүрлі болады. Мысалы, жалған ақшаны немесе құнды қағаздарды жасау немесе өткізудің барысында тұлға өзінің іс-әрекеттерінің қоғамдық қауіптілігін сезінеді, сонда да оларды жасауды тілейді.

Қарастырылып отырған қылмыстардың **субъектісі** болып ақыл есі дұрыс, қылмыс жасау сәтінде 16 жасқа толған лауазымды және жеке адамдар танылады. Сонымен бірге жекелеген қылмыстардың субъектілері ретінде тек лауазымды адамдар танылатындығын (ҚР ҚК 189, 202-203, 225 баптары), мемлекеттік функцияларды атқаруға өкілетті немесе оларға теңестірілген адамдар (ҚР ҚК 193 б. 3 бөлім. «а» п және 209 бап. 3 бөлім. «а» п.), жеке кәсіпкерлер немесе несие шартын жасақтауға өкілетті болып табылатын коммерциялық не, коммерциялық емес ұйымдардың басшылары (194 б.), жарнама берушілер (198 б.), споршылар (201 бап. 3 бөлімі.)

Қылмыстық Кодексте лауазымды тұлға және жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлға түсініктеріне анықтама бере отырып, Қазақстан заңшығарушылары өте дұрыс жасаған.

«Лауазымды тұлға» түсінігі ҚК-тің 307 бабының I бөлімінің ескертуінде былай бекітілген: тұрақты уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша өкіметтің өкілі қызметін жүзеге асырушы не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындаушы адамдар лауазымды тұлғалар деп

танылады. Сонымен қатар аталған баптың екінші бөлімінің ескертуінде: Мемлекеттің функцияларын және мемлекеттік органдардың өкілеттігін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Конституциялық және өзге де заңдарында белгіленетін қызметті атқаратын, сол сияқты мемлекеттік қызмет туралы заңдарға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің саяси қызметін атқаратын адамдар деп түсініледі.

Жоғары көрсетілген ұстанымдарды ескере отырып, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар дегеніміз материалдық және басқа да игіліктерді өндіру, бөлісу, айырбастау және тұтыну және қызмет көрсетулер бойынша қалыптасатын қоғамдық қатынастарға қол сұғатын қылмыстық заңда қарастырылған қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтар деп тұжырымдауға болады. Экономика өрісіндегі қылмыстар үшін жауаптылық туралы нормалар ең алдымен, біздің мемлекетіміздің экономикасының еркін, қарқынды дамуын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастарды қорғауға бағытталғандығы айта кеткен орынды.

### **Әдебиеттер:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995ж.

1. ҚР Қылмыстық кодексі, 1997ж.
2. "Жеке кәсіпкерлік туралы" ҚР заңы, 08.12.1997ж.
3. А. Ағыбаев Қылмыстық құқық. Алматы. Ерекше бөлім. Жеті жарғы 1999ж.
4. Алексеев А.И., Миньковский Г.И. Актуальные проблемы борьбы с экономической преступностью. М.1992 г.
6. Михлин А.С. Понятие смертной казни //Государство и право. 10.
7. Чукмаитов Д.С. ҚР заңы бойынша жазаны орындаудың теоретикалық негізгі жүйелері. Алматы. Баспа,1999ж.
8. Балтабаев К.Ж. Жазаның орындалуы: ҚР заңы және халықаралық нормалар. Алматы, Атамұра. 1999ж.
9. Селиверстов В.И. Қылмыстық-түзеу құқығы: комментарицлер мен кестелер. М.: Заңтану, 2000ж.
10. Қайыржанов Е.І., Накипов Б. Рецидивтік қылмыстар: алдын-алу және жағдайы, Алматы. 1996ж.
11. Самалдықов М.К. Пенитенциярлық мәселелер бойынша халықаралық құжаттардың жинағы. Алматы, 1993ж.